

БЕКІТІЛДІ

«Қазақ су шаруашылығы және ирригация ұлттық университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен 2026 жылғы «20» ақпандағы №16 хаттама

УТВЕРЖДЕНО

Решением Ученого Совета НАО «Казахский национальный университет водного хозяйства и ирригации» «Протокол №16 от «20» 02 2026 г.



Оқытушының ар-намыс кодексі /Кодекс чести преподавателя «Қазақ су шаруашылығы және ирригация ұлттық университеті» КЕАҚ НАО «Казахский национальный университет водного хозяйства и ирригации»

I. Жалпы ережелер/Общие положения

Оқытушының ар-намыс кодексі (бұдан әрі – Кодекс) университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады, ол профессор-оқытушылар құрамының моральдық-этикалық бағдарларын, академиялық және кәсіби стандарттарын айқындайды.

Кодекс чести преподавателя (далее – Кодекс) является внутренним нормативным документом университета, определяющим морально-этические ориентиры, академические и профессиональные стандарты деятельности профессорско-преподавательского состава.

Кодекс ҚР Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, ЖОО қызметінің үлгілік қағидаларына (№ 595 бұйрық), университет Жарғысына, сондай-ақ халықаралық тәжірибелерге (Magna Charta Universitatum, ESG стандарттары) негізделіп әзірленген.

Кодекс разработан на основании Конституции РК, Закона «Об образовании», Типовых правил деятельности организаций ВО (Приказ № 595), Устава университета, а также с учётом международных практик (Magna Charta Universitatum, ESG-стандарты).

Университет оқытушысы тәлімгер, ғалым және азамат миссиясын орындай отырып, академиялық адалдық, әділдік және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарының тасымалдаушысы болып табылады.

Преподаватель университета выполняет миссию наставника, учёного и гражданина, являясь носителем ценностей академической честности, справедливости и социальной ответственности.

II. Академиялық еркіндік пен кәсіби жауапкершілік /Академическая свобода и профессиональная ответственность

Оқытушыға университет Жарғысы мен заң шеңберінде оқыту әдістерін, ғылыми идеялар мен зерттеулерді таңдауда академиялық еркіндік беріледі.

Преподавателю гарантируется академическая свобода в выборе методов преподавания, научных идей и исследований в рамках закона и устава университета.

Академиялық еркіндік мынадай міндеттермен ұштасады:

Академическая свобода сопровождается обязанностью:

- студенттер мен әріптестердің құқықтарын құрметтеу;/ уважать права студентов и коллег.

- саяси немесе діни үгіт-насихатқа жол бермеу/ исключать политическую или религиозную агитацию.

III. Кәсіби адалдық пен ғылыми адалдық/ Профессиональная честность и научная добросовестность

Оқытушы академиялық адалдық қағидаларын сақтауға міндетті: плагиатқа, деректерді қолдан жасауға немесе бұрмалауға, заңсыз авторлыққа жол бермеу.

Преподаватель обязан соблюдать принципы академической честности: не допускать плагиата, фабрикаций или фальсификации данных, неправомерного соавторства.

Жарияланымдарда, жобаларда және гранттарда оқытушы қаржыландыру көздерін көрсетуге және зерттеу нәтижелерімен манипуляция жасамауға тиіс.

При публикациях, проектах и грантах преподаватель должен указывать источники финансирования и исключать манипуляции с результатами исследований.

Оқытушы зияткерлік меншікті құрметтеуге, авторлық құқықты сақтауға және студенттерді жұмысты адал орындауға ынталандыруға міндетті.

Преподаватель обязан уважать интеллектуальную собственность, соблюдать авторские права и поощрять студентов к честному выполнению работ.

IV. Студенттермен қарым-қатынастағы этикалық стандарттар/ Этические стандарты в отношениях со студентами

Оқытушы студенттің жеке тұлғасына құрметпен қарап, қауіпсіздік пен сенім атмосферасын қалыптастырады.

Преподаватель проявляет уважение к личности студента, создаёт атмосферу безопасности и доверия.

Жол берілмейді / Недопустимы:

- жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына байланысты кемсітушілік; /дискриминация по полу, национальности, религии, социальному статусу;

- қысым көрсету, қорлау немесе психологиялық қысым жасау;/ харассмент, оскорбления или психологическое давление;

- қызметтік жағдайды теріс пайдалану (қызмет көрсетуге мәжбүрлеу, сыйлық алу) / злоупотребление служебным положением (навязывание услуг, получение подарков).

Оқытушы студенттердің дамуына қолдау көрсетіп, олардың жеке қажеттіліктерін ескеруге, психикалық және физикалық әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесуге міндетті.

Преподаватель обязан поддерживать студентов в их развитии, учитывать индивидуальные потребности, способствовать их ментальному и физическому благополучию.

V. Әріптестермен және университет қауымдастығымен қарым-қатынас / Взаимоотношения с коллегами и университетским сообществом

Оқытушы әріптестерімен ынтымақтастықты өзара құрмет, сенім және академиялық ынтымақтастық қағидаттары негізінде құрады.

Преподаватель строит сотрудничество с коллегами на принципах взаимного уважения, доверия и академической солидарности.

Әріптестердің абыройы мен қадір-қасиетін түсіретін әрекеттерге, жалған ақпарат таратуға, конструктивті емес сынға жол берілмейді.

Запрещены действия, порочащие честь и достоинство коллег, распространение недостоверной информации, неконструктивная критика.

Оқытушы университеттің корпоративтік мәдениетін қолдайды, оның имиджі мен дамуына үлес қосады.

Преподаватель поддерживает корпоративную культуру университета, вносит вклад в его имидж и развитие.

VI. Қорытынды /Заключение

Кодекстің сақталуы университеттің барлық оқытушылары үшін міндетті болып табылады

Соблюдение Кодекса является обязательным для всех преподавателей университета.

. Кодекстің бұзылуы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Білім туралы» Заңына және университеттің ішкі актілеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

Нарушение Кодекса может повлечь меры дисциплинарной ответственности согласно Трудовому кодексу РК, Закону «Об образовании» и внутренним актам университета.

Кодекс Ғылыми кеңесте бекітіледі және университеттің корпоративтік мәдениетінің бір бөлігі болып табылады.

Кодекс утверждается Учёным советом и является частью корпоративной культуры университета.